

12. Smirnova YU.E. *Analiz teoreticheskikh podkhodov k izucheniyu osoznannosti* // *Social Psychology, Psychology. Historical-Critical Reviews And Current Researches*. – 2021. – Vol. 10. – S. 157-162.

13. Biyikli C., Işık P.R., Doğan D. *Bilinçli farkındalık ve dikkat eğitiminin öğrencilerin dikkat gelişimlerine etkisi* // *Uludağ Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi*. – Cilt: 33. – Sayı:1. – 2020. – S. 1-35. <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/985524>

14. Gafarova O.N. *Teoreticheskiy analiz nauchnogo issledovaniya osoznaniya* // *Shkola Nauki*. – 2019. – № 2 (13). https://storage.shkolanauki.ru/source/publication_pdf/2019-18-02_14-37-54_gafarova_olga_nilovna.pdf

15. Zabegalina S.V., Chigar'kova A.V. *Psikhologicheskoye osobennosti otsenki i prognoza protsessy adaptatsii voyennosluzhashchikh* // *Psikhologicheskoye Nauki. Vestnik Cherepovetskogo Gosudarstvennogo Universiteta*. – 2013. – № 4. – T. 3. – S. 124-129. <https://cyberleninka.ru/article/n/psikhologicheskie-osobennosti-otsenki-i-prognoza-protsessy-adaptatsii-voennosluzhaschiy>

16. Brown, K. W. & Ryan, R. M. (2003). *The benefits of being present: Mindfulness and its role in psychological well-being*. *Journal of Personality and Social Psychology*, – 84, – P. 822-848. <https://psycnet.apa.org/record/2003-02410-012>

FTAXP: 15.21.51

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.83.2.007>

К.К. Сайлинова^{1*} , Н.С. Жұбаназарова¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ОЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМУЫҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ МЕН САЛАУАТТЫЛЫҚТЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ойлау және әлеуметтік интеллект мазмұны қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі студенттердің ойлау процесінде әлеуметтік интеллектінің тиімділігін арттыру. Ойлау процесі жаңа нәрсені білу, ұғыну, үйрену, түсіндірудің интеллектуалдылық қажеттілігінен басталады. Адам ойлауының мақсаты алынған ақпаратты ұғыну, заттар мен құбылыстардың байланыстары мен қасиеттерін тану, олардың себеп-салдарлық байланыстарын қадағалап, мәселелердің шешімін табу.

Әлеуметтік интеллектіні зерттеу бойынша тұлғаның интеллектуалдылық, эмоциялық және мінез-құлық әрекеттерінің ерекшелігіне байланысты өзіндік компоненттер құрайды. Когнитивтік компоненттер танымдық, білімдер арқылы әлеуметтік құрылымдарды қамтиды. Эмоциялық компонент әлеуметтік экспрессия, қабілеттілік, эмпатия және өзін-өзі реттеумен анықталады. Мінез-құлық компоненті әлеуметтік бейімделу, тұлғааралық қарым қатынастағы табыс және әлеуметтік қабылдау, тұлғааралық өзара әрекеттесу, бейімделуге негізделген. Бұл компоненттер өзара әлеуметтік бағалаудағы интеллекттің қалыптасу деңгейіне байланысты қалыптасады. Бұл тұлғаның әлеуметтік жағдайларды түсіну, эмоцияларын, ниеттерін, мотивтерін түсіну қабілеті. Мақалада студенттердің әлеуметтік психологиялық бейімділігі мен психологиялық салауаттылық әдістемелері бойынша зерттеулер қарастырылды.

Түйін сөздер: ойлау процесі, әлеуметтік интеллект, когнитивтік, эмоциялық, мінез-құлық, коммуникативтік қабілеттер, бейімделу.

К.К. Сайлинова^{1*}, Н.С. Жубаназарова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ВЛИЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ И БЛАГОПОЛУЧИЯ НА РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ МЫШЛЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматривается содержание мышления и социального интеллекта. Актуальность исследования заключается в повышении эффективности социального интеллекта студентов в процессе мышления. Мыслительный процесс начинается с потребности знать, понимать, учиться, интерпретировать что-то новое. Цель человеческого мышления-осмыслить полученную информацию, распознать связи и свойства предметов и явлений, проследить их причинно-следственные связи и найти решение проблем. Согласно исследованию социального интеллекта, в зависимости от специфики интеллектуальных, эмоциональных и поведенческих действий личности образуют свои компоненты. Когнитивные компоненты включают когнитивные, социальные структуры через знания. Эмоциональный компонент определяется социальным выражением, способностями, сочувствием и саморегуляцией. Поведенческий компонент основан на социальной адаптации, успехе в межличностных отношениях и социальном восприятии, межличностном взаимодействии, адаптации. Эти компоненты формируются в зависимости от уровня сформированности интеллекта во взаимной социальной оценке. Это способность личности понимать социальные ситуации, понимать свои эмоции, намерения, мотивы. В статье рассмотрены исследования по социально-психологической предрасположенности и методикам психологического благополучия студентов.

Ключевые слова: мыслительный процесс, социальный интеллект, когнитивные, эмоциональные, поведенческие, коммуникативные способности, адаптация.

К.К. Sailinova^{1*}, N. S. Zhubanazarova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE INFLUENCE OF PSYCHOLOGICAL ADAPTATION AND WELL-BEING ON THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' SOCIAL INTELLIGENCE IN THE PROCESS OF THINKING

Annotation

The article examines the content of thinking and social intelligence. The relevance of the research lies in increasing the effectiveness of students' social intelligence in the process of thinking. The thought process begins with the need to know, understand, learn, and interpret something new. The purpose of human thinking is to comprehend the information received, to recognize the connections and properties of objects and phenomena, to trace their cause-and-effect relationships and to find solutions to problems. According to the study of social intelligence, depending on the specifics of intellectual, emotional and behavioral actions, foxes form their own components. Cognitive components include cognitive, social structures through knowledge. The emotional component is determined by social expression, abilities, empathy, and self-regulation. The behavioral component is based on social adaptation, success in interpersonal relationships and social perception, interpersonal interaction, and adaptation. These components are formed depending on the level of intelligence formation in mutual social assessment. It is the ability of a person to understand social situations, to understand their emotions, intentions, and motives. The article discusses research on socio-psychological predisposition and methods of psychological well-being of students.

Keywords: thought process, social intelligence, cognitive, emotional, behavioral, communicative abilities, adaptation.

КІРІСПЕ Студенттік жас бұл күрделі, карама-қайшылыққа толы дағдарыстың болуымен сипатталатын, барлық ресурстарды жұмылдыратын биологиялық, әлеуметтік және психологиялық жас кезеңі. Ішкі тұлғалық психологиясы, қарым-қатынасы, жоғары білімде өзін-өзі ұйымдастыра алуы, кәсіби жетілдірудегі қиындықтар, отбасынан бөліну мәселелері қарастырылады. Осы кезеңде ойлау ерекшеліктері мен әлеуметтік ортада басқалардың эмоциясын түсініп, әртүрлі әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілеті, эмоцияларды басқару, шиеленістерді шешу дағдылары қалыптасады. Бұл қабілет адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесудегі жетістігін айқындайды. Ойлау процесі объект пен субъектінің өзара әрекеті ретінде жүзеге асады. Ойлау есте сақтау функцияларымен тығыз байланысты, біз көптеген заттарды, құбылыстарды, оқиғаларды есте сақтап ғана қоймай, түсіну арқылы таным процесінде талдап, абстракциялап, жаңа мағыналар жасай аламыз. Ойлау процесі пайда болуы үшін екі шарт қажет, біріншіден жаңа объектіні белгілі нәрседен ажырата білу, екіншіден, жаңа құбылыстарды білуге ұмтылу, тану, түсіну. Ойлау іс-әрекеті мидың күрделі әрі көпқырлы қызметтерін біріктіреді. Бұл үдеріс нейрондар арасындағы байланыстар арқылы жүзеге асып, адамның қоршаған ортаға бейімделуін, мәселені шешуін және болашақты жоспарлауын қамтамасыз етеді.

Ойлау өте көп қырлы құбылыс. Декарт «ойлау адамның өмір сүретінінің дәлелдейтін талассыз іргелі факт» деп сендірді. Бұл - алдын ала белгілі жалғыз дәлел, әрі қарайғы пайымдаулардың бастапқы нүктесі. Осылайша, дүниедегі бүкіл болмыс өмір сүрудің адам түсінігіндегі ең қарапайым формасы болып есептелетін ойлаудың бар болуына тәуелді. Ойлау-бірден-бір тура шындық еді, -деп қуана мәлімдеді. Декарт ақыл-ойды материядан анық және айқын етті. Оның көзқарасы бойынша, менің ақыл-ойым(мен үшін)басқалардың ақыл ойларынан айқынырақ. «Cogito» дәлелінің дұрыс екеніне Декарт неге соншалықты сенімді болды? Себебі ол айқын және дәл еді. Декарт «ойлау» ұғымы деп нені түсінді. «Ойлау-біздің қабылдауымызға байланыстының бәрі: түсіну, қалау, елестету, тіпті сезіну де ойлаумен бірдей» [1]. М. Мұқановтың еңбегінде, ой дегеніміз-белгілі бір мәселені шешу кезінде кездесетін психологиялық процесс. Ал интеллект- сол ойдың жемісі. Адам ой арқылы қажетті мәселелердің түйінін шешеді. Сондықтан ой өзінше процесс және ол адамның тиісті объектілермен байланысын көрсетеді. Адам күнделікті өзін қоршаған сыртқы құбылыстарды олардың бейнесін көз алдына елестетеді, не ұғым арқылы бейнелейді. Мұндай әрекеттердің бәрі адамның «сыртқы байланысы» делінеді. Сонымен бірге, әрбір адамның өзіне тән ішкі сана сезімі бар. Осы сана сезім арқылы біз іштей сөйлесеміз, ненің ұнамды, ненің ұнамсыз екенін ойымызбен ажыратамыз[2].

П.Я. Гальперин бойынша: «Ойлау - «білу үшін» бұл әрекет [3]. Т. Бьюзен бойынша, мидың ойлау процестерінде ақпаратты өңдеуде қабылдау, сақтау, талдау, шығару және басқару бес негізгі функциясын орындайды. Қабылдау сезім мүшелері арқылы қабылданатын ақпарат. Сақтау жады ақпаратты сақтауды және еске түсіруді (сақталған ақпаратты шығарып алу мүмкіндігін) қамтиды. Талдау үлгілерді тану және ақпаратты өңдеу. Қорытынды ақпаратты қандайда бір формада беру немесе ойлаудың өзін қамтитын шығармашылық әрекет. Басқару барлық психикалық және физикалық функцияларды білдіреді. Ми қызметінің осы бес функциясы бірін-бірі нығайтады. Бірінші, егер оған қызығушылық танытса, ақпаратты қабылдау оңайырақ, нәтижесінде қабылдау процесі ынталандырылады және барлық психикалық функциялардың қатысуымен жүзеге асырылады. Екіншіден, егер ақпарат тиімді қабылданса, сақтау және талдау, оны қабылдау қабілетін жақсартады. Ақпаратты өңдеудің әртүрлі тапсырмаларының күрделі комбинациясын талдау, қабылданған ақпаратты сақтай білуді «тіркеу және олардың негізінде ассоциативті байланыстарды құру) қажет етеді. Үшінші, ақпаратты талдаудың сапасы, оны қабылдау мен сақтау қабілетіне байланысты екені анық. Қарастырылған үш функция біріктірілгенде қабылданған, сақталған, талданғанына қарамастан, сөйлеу, жесттер, интеллект картасы арқылы төртінші қызметінде ақпаратты қорытады. Бесінші функция бақылау мидың өзі бір бөлігі болып табылатын адам ағзасының барлық психикалық және физикалық процестерін, оның ішінде психологиялық салауаттылықты реттеуді, қоршаған ортаға қатынасын және басқаратынын білдіреді. Адамның оңтайлы жұмыс жасауы үшін ақпаратты қабылдау,

сақтау, талдау және шығару үшін қалыпты жұмыс істейтін ақыл-ой тәнге қажет болғандықтан ерекше маңызды функция [4].

Ойлаудың онтологиясында психикалық мәселелердің шешімін іздеу кеңістігімен шектелмейтінін түсіну қажет: «Ойлауда мәселелерді шешу ғана емес, сонымен бірге шындықтың дамуы, тұлғада жаңа іс-әрекеттің кеңістігі ретінде ашылады» [5].

Ойлау әр адамның өмірінде ерекше рөл атқарады. Ойлау процесі адамда қалай жүретіні және себептері қандай бұл белгілі бір жағдайда ойлаудың басым формаларына немесе түрлеріне әсер етеді. М. А. Холодная, В. В. Знаков ойлауды концептуалды аппарат тұрғысынан интегративті түрде зерттеген. Адамдар айналаңыздағы әлем туралы білу, оны түсінуге тырысу, өзіңіз және басқа қоғамда болуы қызықты болады, өзгелерді, заттар әлемін, тіпті өздерін басқаша қабылдау ойлау арқылы қабілеттендіріледі. Әр түрлі психикалық қатынастардың арақатынасында көрінетін адамдардың жеке ерекшеліктеріндегі операциялар және интеллектуалды мүмкіндіктерде айырмашылықтар бар [6].

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ Херрман әдістемесі (Нэд Херрманның «Ми доминанттылығы теориясы») – адамның ойлау стилін және танымдық ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістеме. Бұл әдіс Нэд Херрманның ми жұмысының төрт квадрантқа бөлінуі туралы теориясына негізделген. Ақпаратты өңдеуді ұйымдастыру принципінің метафорасы ретінде жарты шарларға бөлуді қолдануды ұсынады. Ол ойлау мен мінез-құлықты екі осы бойынша төрт санатқа бөлді. Біреуі оң және сол жақ жарты шарда, екіншісі жоғарғы және төменгі ми аймағында орналасқан. Жағдайға байланысты әрекет ететін арнайы психикалық ақпаратты өңдеу процестерінің төрт байланысты басым болатын ми жұмысының біртұтас механизмін құрайды. Әр адамның басым бөлік ойлау үлгілері бар. Бұл модельдер адамның қарым-қатынасында, оқуында, шешім қабылдауында және т.б. басым модельдер туа біткен қабілеттер, білім, тәрбие негізінде қалыптасты. Адамдар әдетте квадранттардың әртүрлі комбинацияларын пайдалануды таңдайды және сирек жағдайларда ғана бір квадрантты жақсы көреді [7].

Кесте 1 Квадранттар комбинациялары

	Квадрант А Аналитикалық логика фактілер (сол жақ жарты шар, жоғарғы бөлік)	Квадрант В Жүйелік ұйым- дастыру, деталдар, құрылымы (сол жақ жарты шар, төменгі бөлік)	Квадрант С Адамгершілікке Бағытталған сезім эмоция (оң жақ жарты шар, төменгі бөлік)	Квадрант D Шығармашылық тәуекел, интуиция, қиял (оң жақ жарты шар, жоғарғы бөлік)
Айрықша белгілері	Талдау Сыни ойлау Рационалды Логикалық	Тәртіп Ұқыптылық Ұйымдастыру Қадағалау	Эмоционалды Көпшіл Еркін Экстраверт	Интуициясы жоғары Шығармашыл Авантюрист
Дағдысы мен іскерлігі	Формулалармен жұмыс істейді Есептейді Талдайды Мәселелерді логикалық түрде шешеді	Бақылайды Ұйымдастырады Басқарады	Басқа адамдармен тез тіл табысады	Концепция Құрады Импровизациялы Тәуекелшіл

Белсенділіктің жалпы анықтамасына сәйкес, егер адам алдына мақсат қойып, соған жетуге ұмтылса, онда ол әрекетті жүзеге асырады деп айтуға болады. Іс-әрекеттің түрі оның мақсатымен анықталады, оған жету әртүрлі психикалық процестердің когнитивтік, эмоционалдық, және еріктің жұмыс істеуімен қамтамасыз етіледі. Егер адам бір нәрсені есте сақтау мақсатын қоятын болса, онда ол мнемоникалық әрекетті жүзеге асыра бастайды. Бұл жағдайда барлық

психикалық процестер белсендіріледі. Белгілі бір түрде ұйымдастырылады, бірақ есте сақтау процестері айқын басым болады. Егер адамға бір нәрсені көру немесе жақынырақ зерттеу қажет болса, қабылдау әрекетінің жүзеге асуы басталады, оны жүзеге асыруда қабылдау процестері басым болады.

Психикалық іс-әрекет туралы сөз еткенде ол ойлау процестерінің негізінде жүзеге асады. Ақыл-ой әрекетінің мақсатына келетін болсақ, оны анықтау үшін ең алдымен ойлау процесінің нәтижесін анықтау қажет. Егер ойлау процесінің нәтижесі түсіну болса, онда ойлау әрекетінің мақсаты жалпы қабылданғандай мәселені шешуде емес, осы мәселеде бір нәрсені түсінуге, шарттар, талаптар арасындағы белгілі бір байланыстар мен қатынастарды тауып, мәселенің жеке параметрлерін орнатуға ұмтылу болып табылады [8].

Әлеуметтік интеллект (SI) - бұл жеке адамдарға әлеуметтік белгілерді қабылдауға, түсіндіруге және жауап беруге, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекеттесуді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін күрделі когнитивті және эмоционалды қабілет. Логикалық-математикалық немесе ауызша сияқты дәстүрлі интеллект түрлерінен айырмашылығы, әлеуметтік интеллект эмпатия, әлеуметтік қабылдау, қарым-қатынас дағдылары және ынтымақтастық қабілеті сияқты бірқатар компоненттерді қамтиды. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік интеллект адам өмірінің әртүрлі аспектілерінде шешуші рөл атқарады. Білім беру ортасында әлеуметтік интеллект деңгейі жоғары студенттер топтық жобалармен жақсы жұмыс істейді, оқытушылармен және курстастарымен оңай байланыс орнатады және жоғары академиялық жетістіктерді көрсетеді [9]. Әлеуметтік интеллект адамның қарым-қатынас, әлеуметтік өзара әрекеттесу саласындағы іс-әрекеті процесінде қалыптасатын және тұлғааралық жағдайлардың дамуын болжауды анықтайтын жеке қасиеттерін көрсететін жеке қабілеті ретінде қарастырылады. Мінез-құлық пен шешім қабылдауға дайындығын әлеуметтік өзара әрекеттесуде ақпаратты интерпретациялайды [10].

П.Саловей, Дж. Д. Майер және Д. Карузоның айтуы бойынша EI моделіне мыналар кіреді:

1. Сіздің эмоцияларыңызды немесе өзін-өзі тануыңызды білу. Сезімді оның пайда болу кезеңінде де тану бұл сезімді қадағалап қана қоймай, психологиялық түсінік пен өзін-өзі түсінуге де әсер етеді.

2. Эмоцияларды бақылау. Бұл қоғамдық қабылдау нормаларынан тыс сезімдерді жеңуге мүмкіндік береді.

3. Өзін-өзі ынталандыру. Қажетті эмоцияларды жұмылдыру арқылы негізгі объектісіне назар аудару.

4. Басқа адамдардың эмоцияларын немесе эмпатиясын тану. Адамның эмпатия қабілеті басқалардың сезімдерін көрсететін әлеуметтік сигналдарды қабылдауға мүмкіндік береді.

5. Қарым-қатынасты сақтау. Әлеуметтік құзыреттілік көшбасшылық қабілеттермен және тиімді тұлғааралық қарым-қатынаспен үйлеседі. Осылайша, эмоционалды интеллектісі жоғары адамдар әлеуметтік тепе-теңдікке ие, оптимистік, оларда мазасыз эмоционалды реакциялар болмайды, яғни олар үйлесімді тұлға [11].

Қазіргі заманғы білім беру процесі болашақ маманға жоғары талаптар қояды, бұл өз кезегінде ішкі мотивация арқылы белсенділік таныту, өзінің өмірлік стратегияларын құру және іске асыру, сондай-ақ әртүрлі өмірлік жағдайларға икемді бейімделу, білім беру қатынастарының барлық қатысушыларымен ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу үшін жағдайлар іздеу сияқты жеке тұлғаның барлық ресурстарын жұмылдыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ресурстық тәсіл субъектінің танымдық ресурстарын ғана емес, сонымен қатар болашаққа мүмкіндіктер береді. Синергетика («синергейя» бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) қазіргі бірлескен іс-әрекет теориясын зерттейді. Синергетикалық эффект бұл әсер бір процестің екіншісі артқан кезде сипатталады, ал екінші жағынан, күшейту нәтижесінде басқа нәрсе пайда болған кезде синергетикалық әсер пайда болады. Бұл әсер нәтижесінде олардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесу, интеграция, әртүрлі процестерді үйлесімді және тұрақты жүйеге біріктіру процесінің тиімділігі жоғарылауында көрінеді. Сондай-ақ, ойлау ресурстарын

калыптастыруда әртүрлі заманауи әдістерді қолдануға, оларды біріктіре, осылайша бірнеше жыл ішінде емес, әлдеқайда ертерек қажетті нәтижелерге қол жеткізуге болады [12].

Әлеуметтік интеллектіні белгілі бір әлеуметтік жағдайларда мақсаттарды тиімді жүзеге асыру қабілетімен байланыстырған М. Фордтың идеяларында әлеуметтік жағдайларда мақсаттарды тиімді жүзеге асыру қабілеті ретінде анықтай отырып, адамның интеллектуалды іс-әрекетінің адаптивті және контекстік сипатына баса назар аударды және қандай да бір түрде интеллектті белгілі бір шектеулер кезінде белгілі бір контекстік диапазонда мақсаттарға жету қабілеті ретінде анықтауға болады деп есептеді. Академик сонымен қатар мінез-құлық эпизодтарын мінез-құлық үлгілерінің ұйымдасқан ағымы ретінде зерттеу жеке тұлғаны тұтас түсіну үшін қажет деп есептеді. Мінез-құлық эпизодтарын адам қызметінің контекстке тән мақсатты үлгілері ретінде түсіндірді және мұндай фрагменттердің көп мақсатты сипатын көрсетті. Мінез-құлық эпизодының сызба-ұқсастықтары жалпы мақсаттармен және біртекті контекстпен анықталатын эпизодтардың (нақты немесе ойдан шығарылған) жиынтығы. Жеке тәжірибеге негізделген мұндай схемалар белгілі бір жағдайларда адамның мінез-құлық репертуарын белгілейді. Осылайша, М.Фордтың (1983, 1995) пікірінше, мақсаттар мен контексттер мінез-құлық үлгілерін ұйымдастыруда шешуші рөл атқарады [13].

Жеке адам өмірде түрлі кедергілерден өте, өз мақсаттарына жетуде басқалармен қарым-қатынас жасау үшін белгілі бір дәрежеде әлеуметтік интеллектке ие болуы керек. Әлеуметтік интеллект адамның жеке басымен және мінез-құқымен тығыз байланысты. Әлеуметтік интеллектімен ерекшеленетін адамдар өзін-өзі тануға және басқаларды түсіну және әртүрлі мотивтері бар адамдарға ақылды жауап беру арқылы қоршаған ортаны түсіну қабілетіне ие. Олар сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынас орнатуға, достық қарым-қатынасты дамытуға және басқалардың қалауын анықтауға қабілетті.

Әбу Шаера мен Габари 2010 жылы әлеуметтік интеллектті құрайтын факторлар тобын анықтады: 1. Топтық ұйым: көшбасшылық дағдысы жеке адамдардың жалпы күш-жігерін үйлестіруді бастауды талап етеді. 2. Келіссөздер шешімдері: бұл келіссөз жасау таланты, оның көмегімен ол конфликтінің алдын алады және бар шешімдерді таба алады. 3. Жеке қарым-қатынас: бұл талант адамның адамдардың сезімдері мен мәселелерін тұтас қабылдау және түсіну қабілетімен сипатталады. 4. Әлеуметтік талдау: бұл басқа адамдардың сезімдерін олардың қызығушылықтары мен мотивтерін анықтау қабілеті жақын қарым-қатынас пен конформизмнің пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік интеллект аспектілерін зерттеу барысында Марлоу әлеуметтік интеллекттің бес өлшемін анықтады: 1. Әлеуметтік қызығушылық: адамның кез-келген адамдар тобына бейімділігіне қатысты. 2. Әлеуметтік дағдылар: адамның басқа адамдармен белсенді әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын пайдалану қабілетін білдіреді. 3. Эмпатия дағдылары: басқаларға түсіністік пен жанашырлықты білдіреді. 4. Әлеуметтік үрейлену: бұл көптеген әлеуметтік жағдайларда адамның мазасыздану білдіреді. 5. Сентименталдылық: бұл адамның басқа адамдардың олармен қарым-қатынасқа қатысты реакциясын түсіну және болжау қабілетін білдіреді [14].

Зерттеу жұмысына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2-3 курс студенттері 100 білім алушылар қатысты. Әлеуметтік интеллектінің когнитивті, эмоциялық, мінез-құлық компоненттерін зерттеуге арналған әдістемелер жүргізілді.

1. К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін диагностикалау әдістемесі

К. Роджерс пен Р. Даймондтың әдістемесі – адамның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейін, өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін және тұлғааралық қарым-қатынастардағы икемділікті анықтауға арналған. Бұл әдістеме жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуін зерттеу үшін жиі қолданылады.

Әдістеменің мақсаты: әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейін бағалау; тұлғаның ішкі конфликтілері мен өзін-өзі қабылдау деңгейін анықтау; өзіндік тұжырымдаманың үйлесімділік деңгейін зерттеу.

Әдістеменің құрылымы:101 сұрақтан тұрады, олар белгілі бір пікірлерден құралған. Респондент әр сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді.Әрбір жауап белгілі бір көрсеткіштер бойынша балл жүйесімен бағаланады:өзін қабылдауы,интерналдылық,өзін-өзі басқару, эмоциялық жайлылық, үстемдікке ұмтылу


2. Психологиялық салауаттылық адамның кәсіби және әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуінің көрсеткіші. Психологиялық салауаттылық күрделі фактор. Кэрл Риффтің Психологиялық саалауаттылық (Т.Д. Шевеленкова және П.П. Фесенконың бейімдеуі бойынша) сауалнамасы, шкаланы құрайтын 84 сұрақтан тұрады. Бұл әдіс психологиялық салауаттылықтың негізгі компоненттерінің көрсеткіштерін: позитивті, қарым қатынас, қоршаған ортаны басқару, тұлғалық өсу, өмірлік мақсат, өзін қабылдау бойынша өлшеуге арналған.Әрбір шкала бірнеше сұрақтан тұрады, респондент жауаптарын Likert шкаласы (1-ден 6 немесе 1-ден 7 баллға дейін) бағалайды.Жоғары балл – психологиялық салауаттылықтың жоғары деңгейін білдіреді

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Әлеуметтік психологиялық бейімделу бұл адамдардың тұлғаның әлеуметтенуге қабілеттенуі, ортаның өзгеруіне байланысты топтар, ұжымдар, ұйымдарды қабылдау, өзараәрекеттесе білу. Әлеуметтік бейімделудің белсенді тұлғаның әрекеті ортаға әсер етуі, оны тануы, әлеуметтік беделге ие болуы, белсенді емес тұлға еш нәрсеге ұмтылмау. Бейімделу процесінде тұлға іс-әрекетте, қарым-қатынаста, өзіндік сананың қалыптасуында дамиды.

К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін диагностикалау әдістемесі.

Р. Даймонд пен К. Роджерстің әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін зерттеу әдістемесі бойынша респонденттердің қалыптастырушы бақылау тобы мен эксперименттік топты салыстырғанда бейімделу жоғары 26%, орта 46%, төмен 28%; өзін қабылдауы жоғары 54% орта 46% төмен 0; интерналдылық жоғары 27% орта 56% төмен 17%; өзін-өзі басқару жоғары 65% орта 35% төмен 0; эмоциялық жайлылық жоғары 30% орта 50% төмен 20%; үстемдікке ұмтылу жоғары 34% орта37% төмен 27% нәтижелерді көрсетті.

Эксперименттік топ нәтижелерін салыстыру бойынша бейімделу жоғары 36% орта 58% төмен 0; өзін қабылдауы жоғары 64% орта 36% төмен 0; интерналдылық жоғары 33% орта 58% төмен 9% ;өзін-өзі басқару жоғары 73% орта 27% төмен 0; эмоциялық жайлылық жоғары 41% орта 59% төмен 15% ;үстемдікке ұмтылу жоғары 29% орта 49% төмен 22% болды. Барлық шкалалар бойынша оң көрсеткіштерге ие болса, ол әлеуметтік ортада жақсы бейімделген, өзін және басқаларды оң қабылдайды, өмірге қанағаттанады. Ал теріс көрсеткіштер эмоционалды тұрақсыздықты, бейімделу қиындықтарын және өзін-өзі қабылдамауды көрсетуі мүмкін.



Сурет 1 - Р. Даймонд пен К. Роджерстің әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін зерттеу әдістемесі бойынша салыстырмалы талдау

Психикалық бейімделудің маңызды сипаттамасы – адамның қоршаған ортаға, өзіне және т.б. әрбір сәттегі қатынасы. Психикалық бейімделудің барлық құрамдас бөліктерінің орталық, жүйекұраушы сипаттамасы. Бейімделу барысында ол адамның санасы мен өзіндік санасының деңгейін білдіреді. Қатынасты сана сипаттамасы ретінде қарастырсақ – бұл қоршаған шындыққа деген көзқарас, ал өзіндік сана сипаттамасы ретінде – бұл өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, яғни сыртқы әсерлер, ішкі күй және адамның мінез-құлқы арасындағы тепе-теңдікті орнату. Адамның қатынастары осы зерттеулерде бұл теорияға сәйкес адамдардың бүкіл психикалық қызметі шындықтағы объектілер мен процестерге, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасына байланысты айқындалады.

2. Психологиялық салауаттылық адамның өмір сүру сапасын жақсартатын маңызды фактор.

К. Рифф психологиялық салауаттылығын анықтау үшін алынған мәліметтерге сәйкес психологиялық салауаттылықтың құрылымдық компоненттерінің шкалалық тұрғыдан бақылау тобының психологиялық әл ауқат 9,25% позитивті қарым-қатынастар 7,25% автономия 6,75% қоршаған ортаны басқару 6,25% жеке даму 7%, өмірлік мақсаттар 7,25% өзін-өзі қабылдау 8,25% көрсетті. Эксперименттік топ бойынша психологиялық салауаттылық құрылымдық компоненттері келесі түрде бөлінді психологиялық салауаттылық 9% позитивті қарым-қатынастар 7% автономия 8% қоршаған ортаны басқару 9% жеке даму өмірлік мақсаттар 9,5%; өзін-өзі қабылдау 8% нәтижені көрсетті. Зерттелушілер қоршаған ортаны басқару, жеке даму, өмірлік мақсаттар бойынша жоғары көрсеткіштерге ие. Олар мақсатқа бағытталған дамуға бейім, өмірлік мақсаттардың қайна көзі болып табылатын сенімдерді ұстанады. Сыртқы іс-әрекеттерді бақылайды және пайда болған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланады.

Психологиялық әл-ауқаттың жас ерекшелігіне байланысты динамикасын зерттеу оның құрылымы өзгеріссіз қалады деген болжамға негізделген, ал әртүрлі жас топтарындағы айырмашылықтар тек сандық сипатқа ие. Дегенмен, әрбір жас кезеңінің өзіндік ерекшеліктері мен жасқа байланысты міндеттері бар, жеке тұлғаның оң дамуының идеалына жақындау өлшемі ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер адам жас ерекшеліктеріне сәйкес міндеттерді шеше алмаса, ол алаңдаушылықты сезінеді, әлеуметтік қолдау ала алмайды және жетілген тұлға ретінде толыққанды жұмыс істей алмайды.

Зерттелушілер арасында психологиялық салауаттылықты зерттеу жасқа немесе гендерге байланысты айырмашылықтарды анықтамады. Шкаланың төмен деңгейі орташа арифметикалық мәннен стандартты ауытқуды алып тастағандағы мәннен аспаған жағдайда диагностикаланды. Төмен көрсеткіш тек бір шкала бойынша, екі шкала бойынша, үш және одан да көп шкала жағдайда тіркелді. Ең жиі орташа мәннен ауытқулар айтарлықтай ауытқулар позитивті қарым қатынас пен өмірлік мақсаттар шкалаларында байқалды. Зерттелушілер арасында төмен нормативтік мәндер диапазонында орналасқан, бұл жаңа жағдайларға бейімделуге байланысты. Олар мақсатқа бағытталған дамуға бейім, өмірлік мақсаттардың қайнар көзі болып табылатын сенімдерді ұстанады, сыртқы іс-әрекеттерді бақылайды, пайда болған мүмкіндіктерді пайдаланады. Бақылау және эксперименттік топ арасындағы психологиялық салауаттылық Манн-Уитни U-критерийі бойынша $0,000$, $p \leq 0,05$ жоғары айырмашылықтар анықталды. III курс студенттері қоршаған ортаны басқару, жеке даму, өмірлік мақсаттар бойынша жоғары көрсеткіштерге ие. Оларға мақсатқа бағытталған даму тән. Өмірлік мақсаттардың қайнар көзі болып табылатын сенімдерді ұстанады, барлық сыртқы іс-әрекеттерді бақылайды болған мүмкіндіктерді пайдаланады. Екі топта да жағымды көңіл-күйге, эмоционалды жағдайда психологиялық саулық позитивтік сипатқа ие.

Егер бұл өлшемдердің көпшілігінде жоғары көрсеткіштерге ие болса, ол психологиялық тұрғыдан салауатты деп саналады. Ал төмен көрсеткіштер адамның эмоционалды қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін немесе өмірлік қанағаттануының төмендігін көрсетеді. Бұл модель психологиялық диагностикада, жеке даму жоспарларын құруда және психологиялық кеңес беруде кеңінен қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ Әлеуметтік интеллект тұлғаның қоғамда өзараәрекет етуіне, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасын дұрыс құруына және әлеуметтік жағдайларды түсініп, бейімделуіне мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы. Әлеуметтік интеллектінің негізгі аспектілері бойынша әлеуметтік эмпатия басқалардың эмоциясын, ниетін, мінез-құлқын түсіну қабілеті, коммуникативтік қабілеттер вербалды және вербалды емес қарым-қатынас жүргізу дағдылары, жаңа әлеуметтік жағдайларға тез бейімделу, адамдардың әрекеттері мен қарым-қатынасының салдарын болжай білу, эмоцияларды басқаруда өзін-өзі реттеу. Жоғары әлеуметтік интеллектісі бар адам қоғамда тез бейімделеді, тұлғааралық қарым-қатынаста өз эмоцияларын, басқалардың эмоциясын бақылай алуға үйренеді. Әлеуметтік интеллектісі төмен адамдар қарым-қатынаста, әлеуметтік өзгерістерге баяу бейімделеді. Бұл зерттеу нәтижелері тұлғаның өзін-өзі дамыту бағыттарын анықтаға, әлеуметтік дағдыларды жақсартуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридата дейін. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018.-85б.
2. Мұқанов М.М. Ақыл ой-өрісі. Алматы: Қазақстан, 1980.-3,58 б.
3. Спиридонов В.Ф. С 722 Психология мышления: Решение задач и проблем: Учебное пособие. (Серия «Учебник XXI века*»).— М.: Генезис, 2006. —23 с.
4. Бьюзен Т. Супермышление / Т. Бьюзен — «Попурри», 2010.- 25 с.
5. Нелюбин Н. И. Концепт «мысль» в психологическом дискурсе// Ярославский педагогический вестник. 2024. №3 (138). С.151–160. <http://dx.doi.org/10.20323/1813-145X-2024-3-138-151>.
6. Макарова Н.Г. Фундаментальные и прикладные исследования: проблемы и результаты. Общество с ограниченной ответственностью «Центр развития научного сотрудничества». 2013. С. 92-97
7. Ned Herrmann. The Creative Brain. — Brain Books, 1988.
8. Корниенко А. Ф. Сущность процессов мышления и мыслительной деятельности / А. Ф. Корниенко // Научный диалог. – 2013. – № 4 (16) : Психология. Педагогика. С.49–62.
9. Васильева Т.А. Социальный интеллект: теория и практика / Т.А. Васильева. – М.: КНОРУС, 2013.
10. Новикова Е. В., Якименко М. С. Социальный интеллект как фактор успешности учебной деятельности студентов на этапе обучения в педагогическом ВУЗе // Вестник Донецкого педагогического института. - 2018. - № 3. - С. 148–157.
11. Уваров Е.А., Горбунова А.В. Ретроспективный анализ понятия «социальный интеллект» // Психолого-педагогический журнал «Гайдэамус». 2023. Т. 22. № 1. С. 18-26. DOI 10.20310/1810-231X-2023-22-1-18-26
12. Психология ресурсности мышления: монография / М. М. Каишапов, И. В. Серафимович. — Ярославль: ГАУ ДПО ЯО ИРО, 2024. —12,71с. (Ярославская область – пространство профессиональных возможностей)
13. Scherbakov S. V.» Students Social Intelligence and the Choice of Behavioral Strategies in Conflict Resolution.» Clin Schizophr Relat Psychoses 15 S(2021). Doi: 103371/CSRP.SS.081021
14. Hani S Alkhaldi, Malek Y. Alkhutaba, Spiritual and Social Intelligence among University Students in the Light of Some Variables: A Comparative Study, International Journal of Psychology and Behavioral Sciences, Vol. 8 No. 5, 2018, pp. 81-95. doi: 10.5923/j.ijpbs.20180805.02.

References

1. Johnston D. A Brief History of Philosophy: from Socrates to Derridata. - Almaty: kogamsky Kory «National Translation Bureau», 2018.-85p.
2. Mukanov M. M. mental field. Almaty: Kazakhstan, 1980. -3.58 P.
3. Spiridonov V. F. S. 722 Psychology Of Mice: decision of the task and the problem: teaching post. (Series» textbook of the XXI century»*).- М.: Genesis, 2006. -23 P.